

- Өрт сөндіру машинасы ғимараттан 3 м. кем емес қашықтықта тұруға тиіс екені белгілі болса, 11 м. ұзындығымен үш қабатты ғимаратта өртті сөндіру үшін орт сөндіру сатының ұзындығы қандай болуы тиіс?

Мұндай есептер ойлау дағдыларын және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталды. Оқушылар өздері де есептерді құрастыра алады.

Сонымен, саралау үрдісі әр оқушының қажеттілігін есепке алуға бағытталған, жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыруға және тұлғаның даралығын, дербестігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Математика сабақтарында саралаудың әртүрлі қағидаларын қолдану, жеделдетілген оқу, қиындату және басқалар жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын, әртүрлі көздермен жұмысты, пәнаралық байланысты өткізуін білуді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық, А.Әбілқасымова. Алматы: Мектеп, 2008 ж. 144 бет
2. http://www.rusnauka.com/30_PERNR_2014/Philologia/1_176912.doc.htm
3. Дифференциация обучения математике/Скок В.Н. С-П. 2013

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Фаткуллина Данагуль Сайлаубаевна
Шоқан Уәлиханов атындағы
Әулікөл орта мектебі

Аннотация

Еліміздің білім беру жүйесі жаңа заман талабына сай жаңаруда. Білім саласындағы елеулі өзгерістер жиырма бірінші ғасырда табысты болу үшін әрбір оқушыға қажетті білім мен дағдыларды, белсенді оқытуды дамытудың жаңаша жолдарын меңгеруді талап етеді. Мұғалімнің міндеті- белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отыра оқушыға өз бетінше білім алуына жағдай жасау.

Аннотация

Система образования нашей страны соответствует требованиям современности. Чтобы изменения в образовании в 21 веке были успешными необходимо каждому обучающемуся дать определенные знания и навыки, найти новые пути для освоения активных методов обучения. Обязанность учителя-используя активные методы обучения, создать условия обучающемуся самостоятельно усвоить знания.

Abstract

The country's education system is modernized in accordance with modern requirements. Significant changes in education require that each student acquire the necessary knowledge and skills to succeed in the 21st century and explore new ways of developing active learning. The task of the teacher is to create conditions for the pupil to acquire active teaching methods independently.

Түйінді сөздер: Мәңгілік Ел, Жаңартылған оқу бағдарламасы, шиыршық оқыту, коммуникативтік дағдылар, белсенді саты, бейнелік саты, таңбалық саты, топтық жұмыс, сыни ойлау, диалог, функционалдық сауаттылық.

Ключевые слова: Обновленная программа, спиральное обучение, коммуникативные навыки, групповая работа, критическое мышление, диалог, функциональная грамотность.

Keywords: Eternal country, Updated curriculum, a scroll training, communicative skills, active stage, visual stage, character stage, group work, critical thinking, dialogue, functional literacy

Тәуелсіз Қазақстанның Мәңгілік Елге айналуының алғы шарттарының бірі- мектепте оқушының ішкі рухани құндылығын және сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру. Соның негізінде оқушыны алған білімін өмірде қолдана алатындай дәрежеге жеткізу. Осы мақсатқа жету үшін елімізде жаңартылған оқу бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның өзіндік ерекшеліктері бар:

- Пән мазмұны шиыршық (спиральді) оқытуды ұстанады;
- Ойлау деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша мақсатқа жету;
- Өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауатты қолдануға қалыптасады.

Бүгінгі таңда оқушының танымдық қабілетін жан-жақты арттыра отыра, бірлескен ортада білім алуы маңызды деп саналса, Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
- бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
- таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен).

Бұл шиыршық білім беру бағдарламасы тұжырымдамасының дамуына себеп болған. Оның негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың күрделілігі арта түседі;
- оқушылар соңғы мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрынғы алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Оқушылардың жұмыс үдерісіндегі белсенділігіне тоқталар болсақ, топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білу керек. Топтық жұмыстарда белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың бір-бірін қолдап және үйрете отырып оқытуына жағдай жасау-мұғалімнің шеберлігін қажет етеді. «Біздегі басты міндет-білім беруді жаңа сапамен және мазмұнмен толықтыру», -деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың кезекті Жолдауында айтылғандай [1,3], білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудан алшақтап, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен толықтырылып, жаңа инновациялық технологиялар енгізілуде. Заман талабына сай ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу-әрбір ұстаздың басты міндеті. Сонықтан да бүгінгі жаңарып жатқан бағдарламалардың көздегені оқушылар мен мұғалімдердің сыни ойлауын қалыптастыру болса, ұстаздың мақсаты білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру екені анық. «Экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет»-деп Елбасының өзі айтқан болатын. Қай пән болмасын оқушыны сыни тұрғыдан ойлауға үйрету маңызды. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Дегенмен қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушыларды сыни ойлауға үйретуде ақпараттың керекті тұсын алып, өзіндік тұжырым жасай білетін, өзінің, өзгенің жұмысына сыни көзбен қарайтын, әділ баға беретін тұлға қалыптастыру маңызды. Оқушылардың сыни ойлауы әсіресе сұрақ-жауап, топтық әңгіме, дебат әңгімеде көрінеді. Сын тұрғысынан ойлау қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Қызығушылықты ояту-бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыру. Осы кезеңге «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Пазл» т.б әдістерді (стратегиялар) қолдануға болады. Бұл жердегі мақсат оқушылардың белсенділігін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, жұппен бөліседі, топта талқылайды. Яғни ойы ашылады, ақпарат жинайды, оны бұрынғы біліммен ұштастырады. Мағынаны ашу кезеңінде (түсіне білу) оқушылар жаңа ақпаратпен танысып, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегияларынан «ИНСЕРТ», «ЖИГСО» «Рольдегі оқушылар», т.б атап кетуге болады. Тақырып туралы ой-толғаныс-үшінші кезең болмақ. Күнделікті оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, өзгеге сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Бұл жерде оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастырады, өз ойын қайта түйді, жаңа өзгерістер жасай алады. Осы кезеңде «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін

жазу», «Семантикалық карта» , «Ақынға хат» т.б әдіс-тәсілдерді әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықтап тиімді қолдануға болады.

Бейнелік сатыға келсек, оқушыларды құр мәтіннен тұратын тапсырмалар қызықтырмайды. Оларға фотокартиналарға бай, бейнефайлдар мен сюжеттік шағын хикаялар керек. Ол оқушылардың әлемдік көзқарастарын қалыптастыруға негіз болуға шарт. Бұдан шығатын түйінге атақты Бернард Шоудың «Адамдарды тек құр оқыта берсең, еш есінде сақтамайды, оларға тәжірибе жүзінде көрсету керек» деп айтқаны дәл келетін сияқты.

Жанартылған білім беру бағдарламасы оқыту мен оқуға сындарлы көзқарасты қолдайды. Ол оқушыларды мұғаліммен ,бір-бірімен диалог жүргізуге ынталандыруды көздейді. Диалог аясын кеңейту үшін мұғалім сабақты оқушылар оны тыңдап қана қоятындай емес, нақты тақырып туралы ойлана алатындай белсенді етіп жүргізу керек. Осы жерде таңбалық сатының алар орны ерекше. Оқушылар сөздер мен сандардың көмегімен сөйлеу, өз ойын ашық айту, дәлелдеме жасауға үйренеді. Осы орайда сабақ барысында өз ойын толық және дәлелдемелер арқылы айта алатындай жағдай жасау мұғалімнің шеберлігін талап етеді.

Сондай-ақ, бұл бағдарламаның негізгі идеяларының бірі «Мәңгілік Ел» аясы-ұлтжанды, мәдени-танымы қалыптасқан, заманауи технологиялар арқылы тарихи, рухани, ұлттық құндылықтарды меңгерген дүниетанымы жоғары, алған білімді өмірде қолдана білетін тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға ,кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Демек, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, олардың алған білімдерін кез келген ортада қолдана білу дағдыларын дамыту-мұғалімге міндет. Осы орайда Жолдауда көрсетілгендей, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», -деген сөзі бүгінгі білім ордаларына аса үлкен жауапкершіліктер жүктейді[2,18] «Мектеп-білімнің көзі, адамгершіліктің ордасы, тәрбиенің бесігі», -деген нақылға сүйенсек, жан-жақты дамыған, қоғамға бейім функционалды сауатты ұрпақ тәрбиелеуде мектептегі қай пәннің болмасын алатын орны орасан. Қазір білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше, білім беру мазмұнын жаңарту – заман талабы.

Бүгінгі бала - ертеңгі маман. ХХІ ғасыр жағдайында бәсекелестікке қабілетті, табысты болуы үшін, ол еңбек нарығында өз орнын таба алатын дәрежеге жетуі тиіс. Заман талабына сай оқушылардың білім алумен қатар сыни, жасампаздық ойлау қабілеттерін, қарым-қатынас құру және командалық жұмысқа бейімділіктерін дамыту қажет. Баланың бойында білімпаздық, ынталылық, қажырлық қасиеттерін дамытып, көшбасшылық нышандарын жетілдіру. Осының бәрі орта білім мазмұнына құндылықтар мен іскерлік тәсілдеме арқылы енгізіліп отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, ПШО,
2. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы-Астана, 2012
3. Оқушылардың Функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары/ҚРҰ 2012ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
4. «Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме» журналы, 2017ж